

## Ұстаздар күніне арналған іс-шаралардың өткізілуі бойынша АНЫҚТАМА

Қазан айында аталып өтетін мерекелер ішіндегі ең ұлық та, ұлағатты мерекенің бірі - «Ұстаздар күні»! Мектептің басты тұлғасы, жүрегі — мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты азаматты тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан зор екені белгілі. №19 орта мектебінде ұстаздар мерекесі аталып өтті. Іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Жоспарланған іс-шаралардың мақсаты: ұстаздардың еңбегін дәріптеу, білім мен біліктілікті ұстаз еңбегінен бастау алатынын білім алушылар санасына жеткізу, ұстазды құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу, ұйымшылдық пен сыйластықты насихаттау.

Мектебімізде көп жыл еңбек еткен ардагер ұстаздарға (барлығы 13 мұғалім) мектеп әкімшілігі, кәсіподақ комитеті тарапынан бейнеқұттықтау жолданып, азық-түлік себеті табыс етілді.



Ұстаздардың төл мерекесінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісінде жемісті еңбек етіп келе жатқан бір топ мұғалімдер облыстық білім басқармасының, қалалық кәсіподақ комитетінің алғыс хаттарымен марапатталды.

### **Олар:**

Газизов М.Е.-облыстық кәсіподақ комитетінің құрмет грамотасы;

Альжанова Б.С. –қалалық кәсіподақ комитетінің құрмет грамотасы;

Биржанова М.У.- қалалық кәсіподақ комитетінің құрмет грамотасы, облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің алғыс хаты;

Тауфик Е.- облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің алғыс хаты;





Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сулямова Лаура Сериковна «Мұғалімнің бір күні» тақырыбына бейнеролик жасады.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, дұрыс бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Мектеп әкімшілігі атынан директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тохан Манаргүл, ата-аналар, оқушылар ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, бейнеқұттықтаулар жолдады. Барлық іс-шаралар бойынша ақпарат instagram парақшасына жарияланды.